

Алматы облысының кейбір білім беру үйімдарын қайта атау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 28 желтоқсандағы № 883 қаулысы.

Алматы облысының кейбір білім беру үйімдарын қайта атау туралы

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заны 10-бабының 4-1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік занды тұлғаларға, мемлекет қатысатын занды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Алматы облысының мынадай білім беру үйімдары:

1) "Ушинский атындағы орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар" мемлекеттік мекемесі – "Алакөл ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Мектепке дейінгі шағын орталығы бар Лепсі орта мектебі" мемлекеттік мекемесі;

2) "Герасимовка орта мектебі" мемлекеттік мекемесі – "Алакөл ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Сапақ орта мектебі" мемлекеттік мекемесі;

3) "Дзержинск орта мектебі" мемлекеттік мекемесі – "Алакөл ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Тоқжайлау орта мектебі"

мемлекеттік мекемесі;

4) № 2 Қабанбай орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар" мемлекеттік мекемесі – "Алакөл ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар Омар Молдағожин атындағы орта мектеп" мемлекеттік мекемесі;

5) Еңбекшіқазақ аудандық білім бөлімінің "Ақши орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі – "Еңбекшіқазақ ауданының білім бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің "Бөлек батыр атындағы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

6) Еңбекшіқазақ аудандық білім бөлімінің "Қаратұрық орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі – "Еңбекшіқазақ ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Алтынбике Бертаева атындағы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

7) Еңбекшіқазақ аудандық білім бөлімінің "Таусұгір орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі – "Еңбекшіқазақ ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Садық Аманжолов атындағы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

8) "Қарасай ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Н.К. Крупская атындағы орта мектепке дейінгі шағын орталықпен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі – "Қарасай ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Мектепке дейінгі шағын орталығы бар Ұлан орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

9) "Қарасай ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "М.В. Ломоносов атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі – "Қарасай ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Шалқар орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

10) Райымбек ауданының "Жайдақбұлақ орталу мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі – "Райымбек аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Сейдахмет Босқынбаев атындағы орталу мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

11) "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің № 2 Кеген орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен және Тұменбай бастауыш мектебімен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі – "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Мектепке дейінгі шағын орталығы және Тұменбай бастауыш мектебі бар Сәдуақас Серкебаев атындағы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

12) "Сарқан аудандық білім бөлімінің Новопокровка орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі – "Сарқан ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Мектепке дейінгі шағын орталығы бар Алмалы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

13) "Сарқан аудандық білім бөлімінің Қарғалы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі – "Сарқан ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Мектепке дейінгі шағын орталығы бар Мұхамеджан Тынышбаев атындағы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

14) "Бөдөті орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" мемлекеттік мекемесі – "Ұйғыр ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Мектепке дейінгі шағын орталығы бар Нұсіпбек Исахметов атындағы орта мектеп" мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-МинистріБ.

Сагынтаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК